

**2023- 2028 ЖЫЛДАРҒА АРНАЛҒАН АСТАНА ҚАЛАСЫ ӘКІМДІГІНІҢ
МҰХТАР ӘУЕЗОВ АТЫНДАҒЫ «№86 МЕКТЕП-ГИМНАЗИЯ»ШЖҚ МКК
МЕКТЕПТІҢ ДАМУ БАҒДАРЛАМАСЫ**

МАЗМҰНЫ

1-бөлім	Даму бағдарламасының паспорты.....	3
	Білім беру ұйымының паспорты.....	4
2-бөлім	Ағымдағы жағдайды талдау.....	6
	SWOT-талдау	10
3- бөлім	Миссиясы және пайымы.....	11
4 бөлім	Нысаналы индикаторлар және күтілетін нәтижелер.....	12
4.1	Педагог кадрлардың кәсіби біліктілігі мен мәртебесін арттыру.....	13
4.2.	Мектептің материалдық -техникалық базасын нығайту.....	13
4.3.	Жастардың азаматтық белсенділігін арттыру.....	14
4.4.	Білім беру менеджментінің сапасын жақсарту.....	15
4.5.	Біртұтас тәрбие бағдарламасын жүзеге асыру.....	16
4.6.	Білім сапасын бағалау.....	16
4.7.	Педагогтерді әдістемелік сүйемелдеу.....	17
5 бөлім	Мектептің даму бағдарламасының 2023-2028 жылдарға арналған іс-шаралар жоспары.....	18-36

1-бөлім. Даму бағдарламасының паспорты

Бағдарламаның атауы	2023-2028 оқу жылдарына арналған даму бағдарламасы
Бағдарламаны әзірлеу үшін негіздеме	1. «Білім туралы» заң 2007 жылғы 27 шілдедегі № 319 Заңы 2. «Педагог мәртебесі туралы» Заңы 2019 жылғы 27 желтоқсандағы № 293-VI ҚРЗ 3. ҚР мектепке дейінгі, орта, техникалық және кәсіптік білім беруді дамытудың 2023 – 2029 жылдарға арналған тұжырымдамасын бекіту туралы ҚР Үкіметінің 2023 жылғы 28 наурыздағы № 249 қаулысы 4. Өңірлік бағдарламалар, білім беруді дамыту жөніндегі жол карталары және т. Б 5. Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің 2023 жылғы 28 тамыздағы № 273 бұйрығы
Бағдарламаны әзірлеуші	Астана қаласы әкімдігінің «Мұхтар Әуезов атындағы № 86 мектеп-гимназия» шаруашылық жүргізу құқығындағы мемлекеттік коммуналдық кәсіпорны
Бағдарламаның мақсаттары мен міндеттері	Мектептің тиімді моделін құру, жеке тұлғаны жан-жақты қабілетіне қарай дамыту, оқушының шығармашылық қабілетін ашу. Мектепті жетілдіру жолындағы идеяларды жүзеге асыру.
Бағдарламаны іске асыру мерзімдері мен кезеңдері	2023 жылдың қыркүйегінен – 2028жылғы маусым аралығы Бірінші кезең (2023 - 2025 жыл) – Дайындық кезеңі Екінші кезең (2025 – 2027 жыл) – Практикалық кезең Үшінші кезең (2027 – 2028 жыл) – Қорытынды кезең
Қаржыландыру көздері	Республикалық және жергілікті бюджет ,сондай-ақ Қазақстан Республикасының заңнамасында тыйым салынбаған басқа да қаражат.

Білім беру ұйымының паспорты

1	Білім беру ұйымының атауы	Астана қаласы әкімдігінің «Мұхтар Әуезов атындағы № 86 мектеп-гимназия» шаруашылық жүргізу құқығындағы мемлекеттік коммуналдық кәсіпорны
2	Білім беру ұйымының ашылу жылы	2018-2019 оқу жылы
3	Мекен жайы	А.Бөлекпаев 20
4	Оқыту тілі	Мемлекеттік тілде
5	Оқыту бейіні бойынша білім беру ұйымының негізгі түрі	Әлеуметтік-гуманитарлық
6	Білім беру бағыты	Жалпы білім беру
7	Инновациялық жоба / эксперименттік алаң атауы	«Бала Абай» 1-4 сынып «М.Әуезов тағылымы» 5-11 сыныптар
8	Инновациялық кабинеттер	1. Химия кабинеті 2. Биология кабинеті 3. Физика кабинеті 4. Кітапхана
9	Сыйымдылығы	1200
10	Ғимарат типі	типтік
11	Оқушы саны	3242
12	Басшысы	Г.О.Оразбекова
13	Байланыс телефоны	8 (7172) 57-85-95
14	Эл.поштасы	Sh86kz@yandex.ru
15	Ресми сайты	http://86mektep.edu.kz
16	Әлеуметтік желідегі парақшасы	Мектептің инстаграм парақшасы https://instagram.com/86mektepgimnazia?igshid=YmMyMTA2M2Y= Мектептің фэйсбук парақшасы

		https://www.facebook.com/profile.php?id=100063305945449&mibextid=LQQJ4d
17	Мектептің миссиясы	Біртұтас тәрбие негізінде білімді ұлт болашағын дайындау
18	Мектептің пайымдауы	Білім мен тәрбиені ұштастыра отырып, оқу ортасын заманауи құру.
19	Мектептің білім берудегі артықшылығы	«Әуезов тағлымы» атты вариативті сабағы оқытылады. «Шеберлер мектебі», «Зерттеушілер мектебі»
20	Мектептің оқушыға жасалған қолайлы жағдай	Оқушылар үшін үйірмелер жұмыс жасайды: 1. Оқуға құштар мектеп 2. Шахмат 3. Вокал 4. Домбыра 5. Волейбол 6. Асық ату 7. Актерлік шеберлік
21	Мектептегі кадрмен қамтылуы	Барлығы -219, оның ішінде, әкімшілік –басқару қызметкерлері –10, мұғалім саны-177, персонал саны-28, қосымша жасайтын-14
22	Мектеп түлектерінің жұмысқа орналасуы	2023-2024 оқу жылы Түлектер саны-121 Жоғары оқу орындарына оқуға түскендер-106 Шетелге кеткендер-7, колледжге түскендер-8, Жұмысқа орналаспағандар-0
23	Серіктестік байланыстар	Евразия Ұлттық университеті
24	Мұғалімнің кәсіби өсуі	ПШО, Өрлеу БАҰО АҚ, «Global» САПА білім беру орталықтарының ұйымдастырумен өткізілетін курстардан мектеп мұғалімдерінің 70 %-дан астамы өтті

2 бөлім. Ағымдағы ахуалды талдау

Астана қаласы әкімдігінің «Мұхтар Әуезов атындағы № 86 мектеп-гимназия» шаруашылық жүргізу құқығындағы мемлекеттік коммуналдық кәсіпорны 2019 жылы 1 сәуірде пайдалануға берілді. № 86 мектеп- гимназиясы бүгінгі таңда инновациялық білім мен кәсіби бағдар бере отырып, қоғамға рухани құндылықтары жоғары парасатты тұлға дайындауда. Жаңа үлгіде жабдықталған білім ордасы рухани құндылыққа негізделген білім беру миссиясын ұстанады.

№86 мектеп- гимназиясында 3242 оқушы білім алып, 163 мұғалім жұмыс жасайды. Оның ішінде: «Шебер педагог» - 5, «педагог-зерттеуші» - 34, «педагог - сарапшы» - 31, «педагог-модератор» - 39 , педагог -54. Педагогика ғылымдарының кандидаты - 1, педагогика ғылымдарының магистрі – 40 педагог жұмыс атқарады.

Мектебімізде тоғызқұмалақ, асық ату, бес тас ойыны, каратэ, волейбол, баскетбол, теннис клубтары бар. Би, хор, театр, қолөнер (тоқыма, бисермен жұмыс, тігін тігу), сурет(дизайн), саз балшықтан мүсін жасау, домбыра, дәстүрлі ән, журналистика, дебат, ақындар мүшайрасы, фототүсіру үйірмелері жұмыс жасайды. ҚР мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаевтың 2020 жылғы 21 қазандағы IV Ұлттық қоғамдық сенім кеңесінің отырысында берген тапсырмасы бойынша Білім және ғылым министрлігінің орта білім саласында «Оқуға құштар мектеп» жобасы енгізілді. Осы орайда, №86 мектеп-гимназиясы 2022 жылдан бастап қазіргі уақытқа дейін «Ашық аспан аясында оқу» жобасын жүзеге асырып жатыр. Аталмыш жобаның мақсаты - жас ұрпақты ақпараттық құрылғылардан алыстатып, кітап оқуға деген қызығушылығын арттыру, функционалдық сауаттылығын жетілдіру, ынтымақтастықта бірлескен жұмыс жасауға дағдыландыру. «Ұлы дала ұланы» атты этнолагерь жобасы жүзеге асуда. Этнолагерьдің мақсаты – халқымыздың салт-дәстүрлерін насихаттай отыра, оқушы бойына елжандықты қалыптастырып, патриоттық сезімдерін арттыру.

Жобаны жүзеге асыруда мектеп ауласына киіз үй құрылған. Мектеп ауласында орналасқан киіз үйде оқыту - жас ұрпақтың бойына ұлттық құндылықтарымызды дарытуға, қашықтықтан оқудан кейінгі білімдегі олқылықтарды жоюға көп үлесін тигізері сөзсіз. Киіз үй ішінде кітап сөрелері қойылады, бекітілген кесте бойынша ауызша пәндер және кітап оқуға негізделген іс-шаралар өткізіледі. Жыл бойы «Әжелер ансамблі» тобы мектептегі шараларға белсене қатысып, жас ұрпаққа тәлімдік сабақтар жүргізді. «Әкем, шешем және мен» тақырыбында танымдық байқаулары өткізіліп тұрды.

Мектебімізде оқыту мен оқуды жақсартуға арналған «Қазақстандық Ұстаздар көшбасшылығы», «Әуезов әлемі», «Ашық аспан аясында оқу», «Сабақты зерттеу» жобалары оң нәтиже беруде. Оған қоса, Ұлы жазушы Мұхтар Әуезовтің мұрасын білім мен тәрбие саласымен байланыстыра жүргізу жүзеге асуда. Ұлы жазушы есімі берілгеннен кейін мектебімізде "М.О.Әуезов мұраларының зерттелуі және оқыту әдістемесі" атты халықаралық ғылыми-тәжірибелік конференциясы және қалалық «М.О.Әуезов және рухани шәкірттері» атты қалалық ғылыми жобалар байқауы жыл сайын өтеді. Білім ордамыздың 39 оқушысы грант иегері атанды. Ашылған күннен бастап білім беру үрдісіне оқытудың ақпараттық коммуникативті технологиясын енгізу жұмыстары қолға алынып, қарқынды жүргізіле бастады. Мектепте 4 информатика кабинеті, 13 интерактивті тақта, 6 проектор, оқушылардың сапалы білім алуына қызмет етеді.. Барлығы 774 компьютер жұмыс істеп тұр, сонымен қоса STEM кабинеті жабдықталған. 2022-2023 оқу жылында мектеп кітапханасы, мұғалімдер бөлмесі, оқушыларға арналған демалыс орны заман талабына сай жаңа дизайнмен жасалды. 2023-2024 оқу жылында химия, информатика ,қазақ тілі кабинеті жабдықталды.

Мектеп ұжымы жас ұрпақтың әлемдік деңгейде білім алып, ғылым-білім кеңістігіне еркін енуіне, интеллектуалды ұлт қалыптастыра білуіне үздіксіз қызмет етуде. Білім додаларындағы дарынды шәкірттеріміздің жетістігі де көштің басында. Оған дәлел,

мектеп-гимназиялар арасындағы ең үздік олимпиадалық команда атануы. 9-11 сынып оқушылары үшін жалпы білім беретін пәндер бойынша республикалық олимпиаданың қалалық кезеңінде 27 оқушы қатысып нәтижесінде ІІ орын -8, ІІІ орын -9, Грамота-4 оқушы иеленді. Ал, қалалық кезеңінде 16 оқушыдан ІІ орын -1, ІІІ орын-7, Грамота-3 оқушы иеленді. 5-6 сыныптарына арналған Республикалық олимпиаданың қалалық кезеңінде ІІ орын - 2 оқушы, ІІІ орын - 3 оқушы иеленді. Жалпы білім беретін пәндер бойынша республикалық ғылыми жобалар конкурсы ІІ кезеңінің қорытындысы бойынша 6 жүлделі орын иеленді. Ұлттық «Зерде» балалардың зерттеу жұмыстары мен шығармашылық жобалар қалалық 14 оқушы жүлделі орынға ие болды. Сонымен қатар, қалаық деңгейдегі ақындар мен жазушылар байқауына 20 шақты оқушы қатысып, жүлделі орындар иеленсе, жаратылыстану бағытындағы байқауларда 10 шақты оқушы жүлделі орынды иеленді.

Ойы озық, шығармашылығы шырқау, ізденісі ілгері ұстаздар да білім бәсекелерінде белсенділік танытып келеді. Қазіргі таңда оқушылардың іс-әрекетін бақылау мен зерттеу арқылы заманауи оқыту міндеттерін шеше алатын ғылыми-әдістемелік база, қолайлы білімдік орта қалыптастырып үлгерген ұжымның алар асуы әлі алда. Мектептегі «Сабақты зерттеу», «Іс- әрекетті зерттеу» жобалары негізінде оқушылардың ынтасын арттыру, білім сапасын көтеру мәселесі зерттеліп, оң нәтижеге ие болды.

Жалпы тиімді іс-әрекет әрқашанда оң өзгерістер мен жаңа көзқарастарды енгізудің басты кепілі екені сөссіз.

2023-2028 жылдарға арналған «Мектепті дамыту бағдарламасы» қатаң есептегі құжат дайындауға жұмыс тобы құрылды. Жұмыс тобына Мектеп директоры Оразбекова Г.О.Әкіш Жанат Егінбайқызы директордың оқу ісі жөніндегі орынбасары. Боранбаева Айгуль Кайруллаева директордың оқу ісі жөніндегі орынбасары. Тютюнова Эльмира Раимбековна директордың оқу ісі жөніндегі орынбасары. Жакалакова Салтанат Қонақбаевна директордың бейіндік ісі жөніндегі орынбасары. Төлеубекова Асем Амандыковна директордың тәрбие ісі жөніндегі орынбасары. Абсалямова Асем Жексенбаевна директордың оқу ісі жөніндегі орынбасары. Атантаева Сания Алибековна директордың тәрбие ісі жөніндегі орынбасары. Қамқоршылық кеңесі, сонымен қатар шығармашылық топ мүшелерінің қатысуымен жасалып Әдістемелік кеңес №4 хаттамасына тіркелді.

5 жылға арналған бағдарлама мазмұны №273 бұйрық 28.08.2023. мектепті дамыту бағдарламасының құрылымын және оны әзірлеу қағидаларын бекіту туралы бұйрыққа сүйене отырып жасалды.

Педагогтерден, ата-аналардан, оқушылардан, әкімшіліктен, шаруашылық, жұмысшы қызметкерлерден мазмұнды шағын 5-7 сұрақтан сауалнама алынды.

Даму жоспарын жасақтау мақсатында мектептің бастапқы жағдайы жөнінде ізденіп, олардың оқу үдерісіне қатысты пікірлері мен көзқарастарын білу бағытында мектеп басшылығымен, мұғалімдермен, оқушылармен және ата - аналармен әңгіме, сұхбаттар, сауалнамалар өткізілді.

Оларда мектеп әкімшілігінің жұмысы, мектеп мұғалімдерінің көзқарастары мен ұстанымдары, өз кәсіби міндеттерін атқару сапасы, оқушылардың білім алуы, олардың білім берудің әдіс - тәсілдерін өз бетінше талдауларына қаншалықты мүмкіндік берілген деген сияқты сұрақтар мен мәселелер төңірегінде ой қозғалды.

Сауалнама қорытындысында мектеп мұғалімдерінің мектептегі ахуалға көзқарастары, жұмыстарының қаншалықты ынталандырылуы, қызметте кездесетін қиындықтар, олардың шешілу жайы мен жолдары, жаңа бастамаларға деген көзқарастары деген т.б. сауалдарға жауаптар алынды.

Сол арқылы мектеп оқушысының бойында болуға қажетті дағдылардың тізбесі мен сипаттары анықталды. Мектеп оқушыларының көпшілігі мектептің келешек дамуы туралы өз ойларын айтуда қиналатыны, өзі оқитын мектебі мен ұстаздарына сенім білдіргенімен, мұғалімдерімен оқыту мен оқудағы проблемаларды талқылауға дайын еместігі байқалды.

Аталған проблемаларды шешу, күтілетін нәтиже, т.б. қажет жағдаяттар даму бағдарламасына тірек жұмыс болып бағыттталып, бағдарламаға, жоспарға енгізілді. Мектебімізде барлығы 178 мұғалім. алғашқы үш айда атқарылған жұмыстар бойынша өзгерісті бағалау үшін сауалнама жіберген болатын, сауалнамаға мектеп мұғалімдері 90% қатысты.

Астана қаласы әкімдігінің «Мұхтар Әуезов атындағы № 86 мектеп-гимназия» шаруашылық жүргізу құқығындағы мемлекеттік коммуналдық кәсіпорны 2019 жылы 1 сәуірде пайдалануға берілді. № 86 мектеп- гимназиясы бүгінгі таңда инновациялық білім мен кәсіби бағдар бере отырып, қоғамға рухани құндылықтары жоғары парасатты тұлға дайындауда. Жаңа үлгіде жабдықталған білім ордасы рухани құндылыққа негізделген білім беру миссиясын ұстанады. №86 мектеп- гимназиясында 3242 оқушы білім алып, 163 мұғалім жұмыс жасайды. Оның ішінде: «Шебер педагог» - 5, «педагог- зерттеуші» - 34, «педагог - сарапшы» - 31, «педагог-модератор» - 39 , педагог -54. Педагогика ғылымдарының кандидаты - 1, педагогика ғылымдарының магистрі – 40 педагог жұмыс атқарады. Мектепте мұғалімдер кәсіптілігінің қалыптасуына, шығармашылық деңгейлерінің өсуіне, білімдерін жетілдіруіне, жаңашылдыққа ұмтылуына ықпал етуі бағытында үздіксіз жұмыстар жүргізіліп отырады. Осы бағытта мектебімізде ұстаздардың кәсіби білімін жетілдіру жұмысына ерекше мән беріледі.

Алдыңғы қатарлы іс – тәжірибелерді тарату мақсатында 9 түрлі пәндік бірлестіктер, жан жақты- тұлға тәрбиелеу мақсатында пәндік бірлестіктер еңбек етті. 2023-2024 оқу жылында ӘБ жетекшілерінің жылдық жоспарын, шығармашыл мұғалімдер тобының құрамын, жас мамандар мектебіндегі жетекші ұстаздарды және жетекшілерін бекіту жұмыстары жүргізілді.

Оқу жылы барысында оқу – тәрбие үрдістерінде жаңашыл бағыт беретін іс – шаралар жоспарға сай көптеп ұйымдастырылады. Мектептегі барлық шаралардың заман талабына сай жаңа ақпараттық технологиялармен өткізілуіне мән беріледі.

Оқушылар арасында түрлендірілген дебаттар, дөңгелек үстелдер, сабақта топтық жұмыс түрлерін өткізу арқылы өз келешегін анықтап, жоспарлауға ұмтылатынына, ұйымдастыру жұмыстарын жүргізуге тәрбиеленіп, жауапкершіліктері мен көшбасшылық қабілеттерінің артатынына көз жеткізуге болатынын ескере отырып, даму жоспарына маңызды мақсаттар қарастырылды. Жоғарыда аталған деректерді басшылыққа ала отырып, талдау жұмыстарын жүргізген кезде мектептің даму жоспарына мектептің болашақтағы оқыту мен оқу тәжірибесіне өзгерістер енгізер алдында мұғалімдердің, оқушылар мен ата - аналардың пікірін біліп алудың маңыздылығына көз жеткізіп, мектептің басшылығы, әкімшілігі және қызметкерлері мектеп жұмысының алдағы уақыттағы бағыттары туралы шешім қабылдау үшін бірлесе жұмыс істеулері керек деген тоқтамға келді. Мектептің даму жоспарына енгізген өзгерістер ішінде педагог қызметкерлердің кәсіби дамуына мақсатты түрде басымдықтар берілді. Негізгі мақсаты мұғалімдер әр сабақта жаңа әдіс – тәсілдерді, модульдерді қолдануы және өзара тәжірибе алмасуы, оқушыларды топпен жұмыс істеуге машықтандыру жолдарын меңгерту, мұғалімдердің кәсіби біліктілігін жоғарылату және жаңаша жұмыс істеуге ынталандыру болып табылды. Мұнан күтілетін нәтиже ең алдымен, оқу сапасы жоғарылайды, оқушының пәнге деген қызығушылығы артады, оқушылар арасында ынтымақтастық қалыптасады, сөйлеу дағдысы қалыптасады, бірін - бірі тыңдауға үйренеді. Жоспардың «Педагогтерді әдістемелік сүйемелдеу» бөлімінде мектеп мұғалімдерінің нормативтік құжаттарды үнемі басшылыққа алып жұмыс жасауға машықтандыру бойынша жұмыстар, ал «Педагог кадрлардың кәсіби біліктілігі мен мәртебесін арттыру» бөлімінде мастер класс, коучинг ұйымдастыру, шығармашылық топтардың жұмысын дамыту үшін іс-тәжірибесімен бөлісу, тренингтер өткізу, мұғалімнің шығармашылық белсенділігін арттыру бағытында

сауалнамалар, сабақтарға қатысу, талдау, талқылау, рефлексия жасау, кәсіби сайыстарға қатысу, жас мамандардың жұмысын басқару, оларға жан-жақты әдістемелік көмек беру, тәлімгерімен тығыз байланыс орнату, кәсіби сайыстар ұйымдастыру, апталықтар өткізу, жаңа үлгідегі жабдықталған кабинеттердің (мультимедиалық құрылғылар, интербелсенді тақтаны қолдану т.б.) мүмкіншіліктерін пайдалана білуді үйрету үшін теориялық семинарлар, мастер класс, практикумдер өткізу сияқты жұмыстар қарастырылған.

Мектепте өзара тәжірибе алмасу мен оқып-үйренуге бағытталған кәсіби қоғамдастық құруда қарым-қатынас пен біріккен іс-әрекет жүргізуге ұйымдасқан адамдар тобын құру, іскерлік қатынастар желісін орнату, кәсіби ақпаратпен алмасуларды жүзеге асыру, оқушылардың білім сапасы жоғары нәтижеге жету үшін бір мектеп шегінде ғана емес, басқа мектептер арасында оқыту мен оқу үдерістерін жетілдіруге бағытталған түрлі іс-шаралар жопарланып өткізілді.

Мектепте үйлестіру жұмысымен айналысатын қызметкерлер өз әріптестерімен жұмыс істеу жөніндегі кәсіби дағдыларды меңгерсе, мектептің қандай бағытта дамып жатқанын айқын түсінер еді. Сонда ғана мектептің барлық қызметкерлеріне де көшбасшылық функция атқаруға мүмкіндік беріледі. Мектептің жаңа перспективалық жоспарын жасақтауда мектепте бірлескен оқу мен білім қалыптастыру әдістерінің әдістемелік амал - тәсілдерін кеңінен қолданады, мұғалімдер өз әріптестерімен өзінің сәтті, сондай - ақ сәтсіз тәжірибелерімен бөлісе отырып, себептері мен факторларын анықтап, қызметтестерінің іс - тәжірибесін сын тұрғысынан бағалайды. Мектептің даму жоспарының «Педагог кадрлардың кәсіби біліктілігі мен мәртебесін арттыру» бөлімінде мұғалімдердің кәсіби біліктілігін көтеру мақсатында деңгейлік курстарда білімін жетілдіру үшін мұғалімдерді жіберу мақсатында мектепте шығармашылық тобы құрылып, ниет білдірген мұғалімдердерге тапсырмалар дайындалып, сынақтар алынып, педагогикалық кеңестің шешімімен ұсыну қолға алынуда. Сонымен қатар қысқа мерзімді курстарға мұғалімдердің қатысуы туралы көріністі мына кесте арқылы көруге болады.

Педагогтардың сапалық құрамы														Білім сапасының динамикасы				
№	Педагогтар саны	Білімі		Санаты				Аттестация				Оқу жылында жаңадан келген	Жас маман		Оқу жылы	Білім сапасы	Үлгерімі	Динамика +,-
		жоғары	арнайы орта	жоғары	I	II	с/з	Модератор-педагог	Сарапшы-педагог	Зерттеуші-педагог	Шебер-педагог			1	2020-2021 оқу жылы	62 %	100%	-
2021-2022	125	120	5	0	1	2	39	35	22	37	9	54	10	3	2022-2023 оқу жылы	52%	100%	+2,4%
2022-2023	159	154	5	0	1	3	91	30	26	35	8	88	12					
2023-2024	163	173	2	0	0	2	54	39	31	34	5	16	18					

2023-2024 оқу жылындағы мұғалімдердің түрлі сайыстарға қатысуы
«Үздік авторлық бағдарлама » республикалық конкурсы қалалық кезеңі

№	Мұғалімнің аты-жөні	Пәні	Орын	кезеңі
1	Абсалямова Асем Жексенбаевна	информатика	I	қалалық
2	Толеубаева Самал Жаксылыковна	Қазақ тілі мен әдебиеті	III	қалалық
3	Азимбаева Гаухар Кураловна	химия	Грамота	қалалық
4	Ескенова Камшат Амралина	тарих	Грамота	қалалық

«Үздік авторлық бағдарлама » республикалық конкурсы

№	Мұғалімнің аты-жөні	Пәні	Орын	кезеңі
1	Абсалямова Асем Жексенбаевна	информатика	II	қалалық

«Алтын тұғыр» өңірлік математикалық конкурсы

№	Мұғалімнің аты-жөні	Пәні	Орын	кезеңі
1	Абдиева Айжан Сапарбековна	бастауыш	I	аудандық
2	Нұрахметова Айгүл Жаксылыққызы	бастауыш	II	аудандық
3	Абдиева Айжан Сапарбековна	бастауыш	I	қалалық

«Пән олимпиадасы» қалалық конкурсы

№	Мұғалімнің аты-жөні	Пәні	Орын	Кезеңі
1	Абдиева Айжан Сапарбековна	бастауыш	II	қалалық
2	Серікбаева Аружан Амангелдіқызы	математика	III	

Шығармашыл мұғалім қалалық байқауы

№	Мұғалімнің аты-жөні	Пәні	Орын	кезеңі
1	Шаймұрат Нұртас жүлделі	Қазақ тілі мен әдебиеті пәні	III	қалалық

«Педагогикалық идеялар фестивалі» қалалық конкурсы

№	Мұғалімнің аты-жөні	Пәні	Орын	кезеңі
1	Наганова Назгуль Сайлаубаевна	биология	II	қалалық
2	Жакалакова Салтанат Конакбаевна	тарих	II	қалалық
3	Абдукодирова Маржан Ержанқызы	бастауыш	III	қалалық

"ABAI'S CREATION" қалалық шығармашылық байқауында "Абайдың шығармашылығына арнап шетел тілінде өлең жолдарын шығарып, авторлық өлеңін оқу" номинациясы

№	Мұғалімнің аты-жөні	Пәні	Орын	кезеңі
1	Какенова Гауһар Валерийқызы	Ағылшын тілі	II	қалалық

SWOT-талдау

Күшті жақтары - Қала , халықаралық көлемінде семинарлар, конференциялардың өтілуі; - Мұғалімдер және оқушылар үшін қолайлы жағдай жасалынуы; - Жас мамандарға тиісті әдістемелік көмек пен қолдау көрсетіледі. - Оқу-тәрбие процесіне арналған жобалардың іске асуы; - Оқушылардың ғылыми жоба мен олимпиададан жеткілікті деңгейде орын алуы - Үштік одақтың байланысы арқылы мектепті дамытуға, қоғамдастықтың жұмысын жолға қойылған - Мектептегі тәрбие бағытын дамытуға арналған жобалардың атқарылуы - педагогтардың пән кафедраларында жұмыс істеуі, шығармашылық топтар; - дарынды балалармен жұмыс жүйесі құрылды; элективті курстар, жеке консультациялар өткізіледі, олимпиадаларға, конференцияларға қатысу, зияткерлік ойындар, жобалар;	Әлсіз тұстары - АКТ құралдарының аз болуы; - материалдық-техникалық базаны толтыру қажет, спорттық жабдықтардың тозуы, зертханалық жабдықтың, көрнекі материалдың жеткіліксіздігі; - барлық мұғалімдер цифрлық білім беру ресурстарын толық пайдалана бермейді; - ерекше білім беру қажеттіліктері бар балаларды оқыту үшін мұғалімдердің кәсіби білімінің жетіспеушілігі; - ҰБТ көрсеткішінің жоғарлауы грант санының аздығы
Мүмкіндіктер - мектепті дамыту мәселелерін шешуге әлеуметтік серіктестерді тарту, Қамқоршылық кеңестің жұмысын жандандыру; - педагогикалық құрам үнемі біліктілікті арттыру курстарына қатысады, әдістемелік бағыттағы қалалық және облыстық іс-шараларға қатысу мүмкіндігі; - түрлі қалалық сайыстардан мектеп ұстаздары мен оқушыларының жетістікке жетуі - білім сапасының өсуінен мектептегі үздік, екпінді оқушыларымыздың санын арттыруға, сапалы білім беруге мүмкіндігіміз бар. - ҰБТ көрсеткішінің жоғарлауы грант санының көбейуіне, түлектердің мамандықты дұрыс таңдау мүмкіндігі бар	Қауіптер - Оқушылардың шамадан тыс көп болуына байланысты, кабинеттердің жетіспеушілігінен сабақтардың сапасыз өтуі мүмкін. - Материалдық –техникалық базаның әлі де болса жетіспеушілігі

3 бөлім. Миссиясы және пайым

МЕКТЕП МИССИЯСЫ:

Біртұтас тәрбие негізінде білімді ұлт болашағын дайындау

БІЛІМ БЕРУ МАҚСАТЫ:

Білім мен тәрбиені ұштастыра отырып, оқу ортасын заманауи құру.

НЕГІЗГІ МІНДЕТТЕРІ:

- 1 • Мектепте алған білімін өмірде қолдана алу;
- 2 • Өмірлік дағдыларды меңгеру;
- 3 • Жаңа заман сұранысына сай, тұлғалық болмысқа дайын болу.

КҮТІЛЕТІН НӘТИЖЕ:

- 1 • Әр бір мектеп оқушысы алған білімін өмірде қолдана алады;;
- 2 • Өмірлік және заманауи дағдыларды меңгереді және өмірде өз қажеттілігіне қарай жүзеге асыра алады;
- 3 • Жаңа заман сұранысына сай ұстаным, көзқарас, талап қалыптасады.

МЕКТЕП ПАЙЫМЫ:

БІЗДІҢ МЕКТЕБІМІЗ РУХАНИ ҚҰНДЫЛЫҚТАРҒА ИЕ ЗАМАНАУИ МЕКТЕП ҚАТАРЫНДА БОЛАДЫ

- **Оқушылар** - үйлесімді дамыған, өзін-өзі дамытуға және шығармашылыққа ұмтылатын, сыни және жаһандық ойлайтын тұлғалар.
- **Ата-аналар** - балаларды тәрбиелеу мен тәрбиелеуге маңызды үлес қосатын және мектепті жетілдіру процесіне белсенді қатысатын қоғамдастықтың бөлігі.
- **Қызметкерлер** - оқушылардың жан-жақты дамуына және мектептің жетістіктеріне шын жүректен қызығушылық танытатын кәсіби мамандар тобы.
- **Түлектер** - терең академиялық білімді, , ҚР және әлемнің жетекші жоғары оқу орындарына түсетін, белсенді азаматтық ұстанымы бар патриоттар болып табылады және елдің әлеуметтік-экономикалық дамуына елеулі үлес қосады.
- **Мектеп** - ашық, прогрессивті қоғамдастық, қауіпсіз және қолайлы білім беру ортасы.

- **БІЛІМ**
- **СҮЙІСПЕНШІЛІК**
- * **КӘСІБИЛІК**
- **БІРЛІК**
- * **ЖАЙЛЫЛЫҚ**
- * **ҚАУІПСІЗДІК**

бөлім. Нысаналы индикаторлар және күтілетін нәтижелер

№	Нысаналы индикаторлар	Өлшем бірлігі	Жоспарлы кезеңде				
			2023-2024 оқу жылы	2024-2025 оқу жылы	2025-2026 оқу жылы	2026-2027 оқу жылы	2027-2028 оқу жылы
1 міндет. Педагог кадрлардың кәсіби біліктілігі мен мәртебесін арттыру							
1	Педагог кадрларды жаңа форматтағы аттестаттаудан өткізу	%	85,9%	89,3%	100%	100%	100%
2	Педагог кадрларды біліктілігін арттыру курсынан өткізу	%	75%	80%	85%	90%	100%
3	Магистр дәрежесіндегі педагог кадрлардың үлесін арттыру	Саны	40	42	45	49	50
4	Әлемдік озық іс тәжірибені меңгеру мақсатында шет елге іс-сапарға баратын мұғалімдердің үлесін арттыру	Саны	3	4	5	6	7
5	Инновациялық жобаларға қатысатын мұғалімдердің үлесі	%	41,7%	57,1%	65%	74%	78%
6	Педагог кадрларды «Үздік педагог» т.б. кәсіби конкурстарға қатысу үлесі	Саны	1	1	1	1	1
7	Педагог кадрларды кәсіби шыңдау мақсатында семинарлар мен конференцияларға, форумдарға қатыстыру	Саны	15	18	21	24	28
8	Кәсіби бағдар беру мақсатында Қазақстанның және шетелдің жоғары оқу орындарына саяхат ұйымдастыру	%	46,9%	47,3%	50%	6025%	70%
9	Республикалық және халықаралық деңгейдегі олимпиадаларға оқушыларды қатыстыру	%	24%	30%	38%	42%	50%
10	Республикалық және халықаралық	%	20%	30%	35%	40%	45%

	ғылыми жоба байқауларына оқушыларды қатыстыру						
11	Ғылыми-зерттеу жобаларын әзірлеген (қатысатын) мектеп білім алушыларының үлесі	%	33,8%	37,3%	38%	40%	48 %
12	Педагог кадрлардың ақпараттық сауаттылығын арттыру мақсатында курстарға қатысу үлесі	%	41,7%	57,1%	65%	74%	78%
2 міндет. Мектептің материалдық -техникалық базасын нығайту							
1	Жаңа модификациядағы мультимедиа кабинеттерімен қамтамасыз ету	саны	0	1	1	0	1
2	Жаңа модификациядағы информатика, химия, биология , физика,қазақ тілі кабинеттермен қамтамасыз ету	саны	1	2	1	2	1
3	Кең жолақты интернетке қосылу	саны	80%	100%	100%	100%	100%
4	«Робототехника» кабинетін жабдықтау	саны	0	0	1	1	0
5	Қосымша ғимарат салу	саны	0	1	0	0	0
6	Жаңа модификациядағы музыка кабинетін жасақтай	саны	0	1	1	1	1
7	Психолог кабинетін жасау	саны	0	1	1	0	0
3 міндет. Жастардың азаматтық белсенділігін арттыру							
1	Түлектер ассоциациясымен кездесу	саны	7	9	12	14	16
2	Мектеп парламентінің құрамын жасақтау	саны	21	21	21	21	21
3	Оқушылар парламенті өткізетін іс-шараларға оқушылардың қатысу үлесі	%	80%	90%	100%	100%	100%
4	Жастар форумына қатысушылардың үлесі	20%	20%	25%	30%	40%	50%

5	«Адал ұрпақ» еріктілер клубына оқушы қабылдау	50	60	70	80	90	100
6	«Жас құтқарушылар» клубына оқушы қабылдау	саны	10	20	30	40	50
7	«Менің бауырым» еріктілер жобасы	%	3%	10%	20%	30%	40%
8	«ДосболLike – достық қолын ұсын» акциясына қатысу	%	5%	10%	15%	20%	25%
9	«Жас сарбаз» клубына оқушы қабылдау	саны	15	20	25	30	35
10	Педагогикалық сынып жобасын іске асыру	саны	1	2	3	4	5
4 міндет. Білім беру менеджментінің сапасын жақсарту							
1	Мектеп директорын менеджмент саласы бойынша курстан өткізу	%	+				
2.	Орынбасарларының біліктілігін арттыру.	%	5%	7%	10%	12%	15%
3.	Мектептегі құжатайналымын цифрландыру.	%	5%	7%	10%	12%	15%
4	Білімді қаржыландыру жүйесін жетілдіру	%	5%	7%	10%	12%	15%
5	Мектептің әкімшілік ресурсын күшейту	%	15%	17%	20%	22%	55%
6	Мектептің менеджментінің сапасын жақсарту	%	5%	7%	10%	12%	15%
5 міндет. Біртұтас тәрбие бағдарламасын жүзеге асыру							
1.	Балаларды патриоттық тәрбиелеу мәселелері бойынша ақпараттық-әдістемелік жинақтар әзірлеу	%	10%	12%	14%	16%	18%
2.	Балалар мен жасөспірімдер ұйымдарының қызметі арқылы балалар бастамаларын дамыту және қолдау	%	5%	7%	10%	12%	15%
3.	Мектеп оқушыларының арасында олардың толеранттылық және	%	10%	15%	20%	25%	30%

	діндарлық деңгейін анықтау бойынша мониторинг және әлеуметтік сауалнама жүргізу						
4.	Құқық қорғау органдарының өкілдерін тарта отырып мектеп оқушыларының құқықтық сауаттылығын, конституцияға қарсы және қоғамға қарсы көріністерге төзімсіздігін қалыптастыру	%	5%	7%	10%	12%	15%
5.	Білім беру ұйымдарының мектеп оқушыларын құқықтық тәрбиелеу мәселелері бойынша ата-аналар жұртшылығымен, үкіметтік емес қоғамдық ұйымдармен, бұқаралық ақпарат құралдарымен өзара іс-қимыл жасауы	%	5%	7%	10%	12%	15%
6.	Сыныптан тыс әлеуметтік тәжірибелер арқылы құндылықтарды дарытудың әдіс-тәсілдерін меңгерту арқылы жобалар дайындау	%	5%	7%	10%	12%	15%
7.	Спорт алаңдары мен секциялар желісін кеңейту	%	10%	15%	20%	25%	30%
6 міндет. Білім сапасын бағалау							
1	Бастауыш, негізгі, орта буын бойынша білім алушылардың білім деңгейіне мониторинг жүргізе отырып, таза гимназия сыныптарын қалыптастыру		30%	35%	40%	45%	50%
2	Үздік және жақсы оқитын оқушылар үлесін көбейту	%	55%	60%	62%	63%	65%
3	«Алтын белгі» белгісіне және ерекше үлгідегі аттестат иегерлерінің үлесін көтеру	%	5%	9%	11%	13%	15%
4	Оқушылардың функционалдық сауаттылығын көтеру мақсатында халықаралық зерттеулерге дайындау,	%	35%	37%	40%	41%	43%

	қатыстыру (PISA, TIMSS, PIRLS және ББЖМ)						
5	Зерттеу дағдыларын, сыни және шығармашылық ойлауды дамытуға бағытталған білім беру ресурстарын құрастыру	%	2%	4%	7%	9%	10%
6	Цифрлық білім беру ресурстарына (бұдан әрі – ЦБР) қолжеткізу мүмкіндіктерін жетілдіру	%	40%	45%	50%	60%	70%
7	Білімдегі олқылықтардың орнын толтыру міндеттері аясында қажеттіліктері бар білім алушыларға көмек көрсету	%	55%	58%	63%	68%	70%
7 міндет. Педагогтерді әдістемелік сүйемелдеу							
1	Педагог кадрларды нормативтік және ғылыми – әдістемелік, құжаттармен қамтамасыз ету	%	100	100	100	100	100
2	Педагог кадрлардың ғылыми және шығармашылық жұмыс жасауына, өзіндік білім көтеруіне жағдай жасау, озат тәжірибені тарату	саны	5	7	10	12	15
3	Мұғалім көшбасшылығы мен желілік қауымдастықты дамыту	%	46,9%	47,3%	48%	48,25%	49,3%
4	Тәлім алушы мен тәлімгерлік жұмыстарын жетілдіру	%	41,7%	57,1%	65%	74%	78%
5	Педагог кадрлардың кәсіби байқауларға қатысу үлесі	саны	15	18	22	28	32
6	Педагог кадрлардың шығармашылық әлеуетін арттыру (авторлық бағдарлама, оқулық т.б.)	%	41,7%	57,1%	65%	74%	78%

5 бөлім. Мектептің даму бағдарламасының 2023-2028 жылдарға арналған іс-шаралар жоспары

1. Педагог кадрлардың кәсіби біліктілігі мен мәртебесін арттыру						
2023-2024 оқу жылы						
№	Іс-шаралардың атауы	Мақсаты	Мерзімі	Қатысушылар	Жауапты	Күтілетін нәтиже
1	«Lesson Study» арқылы педагогикалық қызметкерлердің зерттеу дағдыларын дамыту	Жыл сайын қыркүйек айында-топтарды қалыптастыру, жобаға қатысушылардың тізімін бекіту.	Айына 1 рет – жұмыс сапасының мониторингі. Наурыз айында-зерттеу жобаларының нәтижелерін ұсыну.2023 ж	Пән мұғалімдері, зерттеу тобы	Директордың ДБЖО жөніндегі орынбасары «Lesson Study» фокус топ жетекшілері	Педагогтар зерттеу дағдыларын дамытады,тәжірибені, ғылыми прогресті жақсарту және тәжірибені тарату үшін алынған нәтижелермен бөліседі.
2	«Сарапшы, зерттеуші, шебер, магистр» мұғалімдердің мектебі жобасын іске асыру	Мұғалімдер ресурстар базасын құру арқылы мектептегі әріптестермен үздік тәжірибемен бөліседі.	2023 қыркүйек	Сарапшы-Зерттеуші Шебер мұғалімдер	Жыл сайын қыркүйек айында-шығармашылық зертхананың жұмысын жоспарлайды, қатысушылардың тізімін бекіту. Наурыз айында жұмыс нәтижелерін таныстыру.	Мектеп командалары – жалпы мақсатпен және құндылықтармен біріккен педагогтер арасында коллаборативті орта қалыптасады
3	Педагогикалық қызметкерлердің өзара тәжірибе алмасуы	Жыл сайын қыркүйек айында-серіктестік жұмысты қалыптастыру, бірлескен жұмыс жоспарын бекіту.	2024 ақпан	Сарапшы-мұғалімдер, модератор-мұғалімдер, ПШО деңгейлік курстарынан өткен педагогтар	Тоқсан сайын – жұмыс сапасының мониторингі. Наурызда-бірлескен жұмыстардың нәтижелерін ұсыну	Мектеп педагогтары авторлық әдістемелік құралдарды әзірлеп, жариялайды.

4	Педагог кадрлардың авторлық бағдарлама, оқулық т.б.мақалалар жазуы	Шығармашылық шеберлігін шыңдау	2023 желтоқсан 2024 сәуір	мұғалімдер	Пән мұғалімдері	Мектеп педагогтары авторлық әдістемелік құралдарды әзірлеп, жариялайды.
